Шығыс №017
13 маусым 2018ж.

Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит
комитетінің Маңғыстау облысы
бойынша Ішкі мемлекеттік аудит
департаментінің басшысы
С.Қасымовқа

«Ниязбек Строй Сервис» ЖШС-тігі электрондық мемлекеттік сатып алу конкурсы №2582065-1, атауы «Ақтаудан 280 шақырым, Шетпеден 130 шақырым жерде орналасқан, Сайөтес елді мекендері аумағының санитарлықтазалығын қамтамасыз ету» конкурсы бойынша мемлекеттік сатып алудағы заң бұзушылықтар бойынша шағым жасайды.

- "Нұрлы Жол Сервис ЖШС" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі **Біліктілігі туралы мәліметтер** қосымшасында 2-тармағына жасалмаған, әлі жеңімпаз болмаған жұмысын толтырып қойған, жалған ақпарат жазған;

- 3-тармағына №17 15/02/2018ж. счет-фактурадағы материалдық ресурстары жазылмаған;

- жалға алынған погрузчик фронтальный LW300FN техникалық құжатында техника иесінің аты-жөні Сералтаев Куанткан деп жазылған, конкурстық құжаттамада жалғанған келісім-шарт Саралтаев Куантканмен жасақталған. Техникалық құжатта техникалық жай-күйін тексеру туралы бетінде техникалық байқаудан өткендігі туралы ақпарат, қолмен әдейі өшіріліп қайтадан түзетіліп жазылған. Бұл жалған құжат сау (подделка документов) болып тұр.

- 4-тармағына сай жұмысшылар туралы ақпарат толтырылмаған;

- конкурстың техникалық ерекшелігіне сай техника салынбаған. Жұмысшы қызметкерлерді тасымалдауға жолаушы тасымалдайтын көлік талап етілген, "Нұрлы Жол Сервис ЖШС" ЖШС-гі жүк тасымалдайтын автокөлік құжаттарын салған, бірақ адам тасымалдауға рұқсат құжаттары жоқ. Сондықтан техникалық ерекшелікке сай емес болса да конкурсты ұйымдастырушы "Сайөтес ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің тендерлік комиссия мүшелері Алдын ала рұқсат беру кезеңіне өткізіп жіберген.

- тұрмыстық техникалық қалдықтар қабылдайтын мекемемен келісім-шарт жасақталған, бірақ конкурс талаптарына сай қосымша мердігер ретінде құжаттары салынбаған.

Серіктестік басшысы: «НИЯЗБЕК СТРОЙ СЕРВИС» Ниязбек Б.Ж.